


«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Спорт және дене шынықтыру
істері комитетінің төрағасы
С.Ерғалиев



«Келісілді»
Алматы қаласы
«Спорт басқармасы» ҚММ
басшысы
Е. Жаируллин



**Жасөспірімдер арасында өткізілетін «Жекпе - жек лигасы»
республикалық лигасының
ЕРЕЖЕСІ**

1. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2022 жылғы «Жекпе - жек лигасы» республикалық лигасы (бұдан әрі – Лига) келесі мақсатпен өткізіледі:

- Қазақстан Республикасында дзюдо, грек-рим, еркін күрес, қазақ күресі спорт түрлерін дамыту және дәріптеу
- Спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру
- Жасөспірімдер мен жастар арасында спортты дамыту және оның бұқаралығын арттыруға жәрдем көрсету
- Спорт түрлері арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі тәрбие жұмыстарын нығайту

2. ЖАРЫСТЫҢ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

Лиганың өткізу күнтізбесі келесідей:

Спорт түрі	Өтетін уақыты	Өтетін жері
I - тур		
Грек-рим күресі	7-9 қазан	АДК (Абай 159, Розыбакиев)
Еркін күрес	14-16 қазан	АДК (Абай 159, Розыбакиев)
Дзюдо	21-23 қазан	АДК (Абай 159, Розыбакиев)
Қазақ күресі	28-30 қазан	АДК (Абай 159, Розыбакиев)
II - тур		
Грек-рим күресі	25-27 қараша	По назначению
Еркін күрес	2-4 желтоқсан	По назначению
Дзюдо	9-11 желтоқсан	По назначению
Қазақ күресі	16-18 желтоқсан	По назначению

17

3. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ЖҮЙЕСІ

- Халықаралық Федерациялардың (United World Wrestling (UWW), International Judo Federation (IJF) қолданыстағы ережелерімен;
- Қазақ күресі Ассоциациясының ережесімен;
- Осы Ереженің нормалары және грек-рим күресі, еркін күрес, дзюдо және қазақ күресі бойынша қолданыстағы қағидаларымен сәйкес өткізіледі.

4. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАР МЕН СПОРТ ТҮРЛЕРІ

Жарысқа Қазақстан Республикасының Алматы, Астана, Шымкент қалалары мен облыстарының кез-келген спорт мектебі, команда, клуб, спортшысы қатыса алады. Лига келесі спорт түрлерінен тұрады:

1. Kebispaev ligasy – грек-рим күресі
2. Niazbekov ligasy – еркін күрес
3. Jumaqanov ligasy - дзюдо
4. Rysqul ligasy – қазақ күресі

5. СПОРТШЫЛАРДЫҢ, ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ, ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Команда құрамы: спортшылар санына шектеу жоқ, 1 өкіл, 2 жаттықтырушы, 1 төреші. Команда құрамы 3 (үш) спортшыдан жоғары болған жағдайда жарысқа төрешісіз жіберілмейді.

6. СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ТУҒАН ЖЫЛЫ

Жарысқа қатысуға төлқұжаты немесе туу туралы куәлігі бар:

- Грек-рим күресі бойынша – 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер және 2006-2007 ж.т. жастар;
- Еркін күрес бойынша (ұлдар, қыздар) – 2008-2010 ж.т. жасөспірімдер және 2006-2007 ж.т. жастар;
- Дзюдо бойынша (ұлдар, қыздар) – 2007-2008 ж.т. жасөспірімдер және 2005-2006 ж.т. жастар;
- Қазақ күресі – 2007-2008 ж.т. жасөспірімдер және 2005-2006 ж.т. жастар дәрігердің және ата-аналарының рұқсатымен ғана жіберіледі.

7. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Лигада жеке спортшының көрсеткіштері есепке алынады. Балдық жүйе. Балдар келесідей болады:

- 1 орын – 10 балл
- 2 орын – 7 балл
- 3 орын – 5 балл
- 5 орын – 3 балл
- 7 орын – 1 балл

Егерде спортшы лиганың бір туры өткізетін болса, онда одан 5 балл автоматты түрде алынады. Бұдан басқа, спорттық емес мінез-құлқы көрсететін болса 5 балл алынады.

Командалық орындардың қорытындысы айтылған бес тур нәтижесі бойынша жеңіп алынған медальдар сапасы бойынша анықталады.

№	Атауы	Салмақтар
1	Қазақ күресі	U 15: 38 кг, 42 кг, 46 кг, 50 кг, 55 кг, 60 кг, 65 кг, 70 кг, 75 кг, +75 кг
		U 17: 46 кг, 50 кг, 55 кг, 60 кг, 65 кг, 70 кг, 76 кг, 82 кг, +82 кг
2	Дзюдо (қыздар)	U 15: 36 кг, 40 кг, 44 кг, 48 кг, 52 кг, 57 кг, 63 кг, +63 кг
		U 17: 40 кг, 44 кг, 48 кг, 52 кг, 57 кг, 63 кг, 70 кг, +70 кг
3	Дзюдо	U 15: 38 кг, 42 кг, 46 кг, 50 кг, 55 кг, 60 кг, 66 кг, 73 кг, +73 кг
		U 17: 50 кг, 55 кг, 60 кг, 66 кг, 73 кг, 81 кг, 90 кг, +90 кг
4	Грек-рим күресі	U 15: 35 кг, 38 кг, 41 кг, 44 кг, 48 кг, 52 кг, 57 кг, 62 кг, 68 кг, 75 кг, +85 кг
		U 17: 45 кг, 48 кг, 51 кг, 55 кг, 60 кг, 65 кг, 71 кг, 80 кг, 92 кг, 110 кг.
5	Еркін күрес	U 15: 35 кг, 38 кг, 41 кг, 44 кг, 48 кг, 52 кг, 57 кг, 62 кг, 68 кг, 75 кг, +85 кг
		U 17: 45 кг, 48 кг, 51 кг, 55 кг, 60 кг, 65 кг, 71 кг, 80 кг, 92 кг, 110 кг.
6	Еркін күрес (қыздар)	U 15: 33 кг, 36 кг, 39 кг, 42 кг, 46 кг, 50 кг, 54 кг, 58 кг, 62 кг, 66 кг
		U 17: 40 кг, 43 кг, 46 кг, 49 кг, 53 кг, 57 кг, 61 кг, 65 кг, 69 кг, 73 кг

8. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Спортшыларды салмақ өлшеу кезінде медициналық тексеруден өткізу, жарыс кезінде медициналық көмек көрсетуді (жарыстың бас дәрігерінің жетекшілігімен медициналық қызметкерлер тобы, сондай-ақ жедел жәрдем бригадасы) Алматы қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы қамтамасыз етеді.



9. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Грек-рим, еркін күрес, дзюдо, қазақ күресі федерацияларының допингке қарсы ұлттық ұйыммен бірлесе отырып, допинг-бақылау мақсатында спортшыларды ұйымдастыруға және тестілеуге жәрдемдеседі.

10. ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫНЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Жарыс төрешілерінің сандық құрамы: бас төреші - 1, бас хатшы - 1, төрешілер - 118.

11. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

Лигаға қатысатын командалар алдын ала өтінім парағын а.ж. 5 қазанына дейін төмендегі тиісті нысан бойынша saqligasy@gmail.com электрондық мекен-жайға беру қажет.

Өтінімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

Қосымша 2

№	Аты-жөні (толық)	Туған жылы	Спорт түрі	Салмақ дәрежесі	Спорттық атағы немесе разряды	Мәртебе сі (негізгі/резерв)	Мектептің немесе клубтың атауы	Дәрігердің рұқсаты
---	------------------	------------	------------	-----------------	-------------------------------	-----------------------------	--------------------------------	--------------------

Бірінші кезеңіне қатысу үшін белгіленген үлгідегі нысан бойынша өтінім жібермеген командалар жарысқа қатысуға жіберілмейді.

Жарысқа келген күндері мандаттық комиссияға спорт түрлері бойынша командалар келесі құжаттарды ұсынады:

облыстық медицина орталығының дәрігері және РСК, ОРММИК және СДБМИ басшылары растаған 2 данада белгіленген нысан бойынша атаулы өтінім; (2-қосымша);

- әр қатысушының жеке куәлігі (немесе төлқұжаты).

12. ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

Іс-сапарға жіберу бойынша барлық шығындар, жаттықтырушылар мен төрешілердің және жарысқа қатысушылардың жол жүру, жатын орын, тамақтануы іс-сапарға жіберуші ұйымдар есебінен өтеледі.

13. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

Лига қорытындысы бойынша жеңімпаз команда ауыспалы Кубокпен, команда спортшылары медальдармен, дипломдармен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің атынан марапатталады.

Лигадағы 1 орын алған спортшыға мемлекеттік спорт мектептеріне, колледжіне және университетіне грант ұсынылады.

14. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ

Барлық даулы мәселелер, наразылықтар қолданыстағы United World Wrestling (UWW), International Judo Federation (IJF), қазақ күресі Ассоциациясының қолданыстағы ережелеріне сәйкес беріледі және қарастырылады.

15. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ТӨРЕШІЛЕРДІҢ КЕЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТУ КҮНДЕРІ

Спорт түрі	Келу күні	Қайту күні
I - тур		
Грек-рим күресі	7 қазан	10 қазан
Еркін күрес	14 қазан	17 қазан
Дзюдо	21 қазан	24 қазан
Қазақ күресі	28 қазан	31 қазан
II - тур		
Грек-рим күресі	25 қараша	28 қараша
Еркін күрес	2 желтоқсан	5 желтоқсан
Дзюдо	9 желтоқсан	12 желтоқсан
Қазақ күресі	16 желтоқсан	19 желтоқсан

16. ҚАРЖЫЛЫҚ ШАРТТАР

Спортты дамыту дирекциясы РМҚК есебінен медальдар, баннер, төрешілердің еңбекақы шығындары өтеледі.

Бұл құжат жарысқа ресми шақыру болып табылады.

Дзюдо: Қайранбаев Әсет – 8 707 239 99 13

Грек-рим күресі: Абимолдаев Саят – 8 701 772 22 99

Еркін күрес: Қалиев Расул – 8 775 737 32 76

Қазақ күресі: Ибрагимов Болат – 8 707 822 54 96